

Аягөз аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2025 жылғы 15 қазандағы № 29/494-VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 қазанда № 37170 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабының 2 тармағына сәйкес, Абай облысының Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Аягөз ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 15/290-VIII шешімінің (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 349-18 болып тіркелген) мәслихат шешімі;

2) Аягөз аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 15/290-VIII "Аягөз ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санатының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2025 жылғы 31 наурыздағы № 23/424-VIII (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 437-18 болып тіркелген) мәслихат шешімі.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аягөз аудандық мәслихат төрағасы

А. Ибрайшин